

**Аудан әкімшілігінің 2008 жылғы 8 қаңтардағы N 02 "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Атырау облысы Мақат ауданы әкімшілігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы N 1 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаменті Мақат ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 26 қаңтарда N 4-7-111 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Аудан әкімшілігінің 2008 жылғы 08 қаңтардағы № 02 "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық келісімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-7-78 санымен тіркелген, Мақат ауданының "Мақат тынысы" қоғамдық-саяси газетінің 2008 жылғы 8 ақпандағы № 6 санында жарияланған, аудан әкімшілігінің 2008 жылғы 26 қарашадағы № 168 "Аудан әкімшілігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысымен толықтыру енгізілген, нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-7-90 санымен тіркелген, Мақат ауданының "Мақат тынысы" қоғамдық-саяси газетінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы № 51 санында жарияланған, аудан әкімшілігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 05 "Аудан әкімшілігінің 2008 жылғы 08 қаңтардағы № 02 "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы" қаулысымен толықтыру енгізілген, нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-7-90 санымен тіркелген, Мақат ауданының "Мақат тынысы" қоғамдық-саяси газетінің 2009 жылғы 5 ақпандағы № 51 санында жарияланған) төмендегідей толықтырулар енгізілсін:

Аталған қаулының 3 қосымшасы мынандай мазмұндағы реттік нөмірі 73, 74, 75 жолдармен толықтырылсын:

73. "Қазақстан республикасы Атырау облысы Мақат аудандық Мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі;

74. "Мақат аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

75. "Мақат аудандық білім беру бөлімінің жедел басқару құқығындағы "Нұрбөбек" ясли-бақша мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Сабиrowқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң  
қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

*Аудан әкімі*

*С. Рысқалиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК